

**"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**  
**Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1766

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Z960060\_ Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарға:

шығыстар 1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 3 4 7 4 3 0 0 мың теңгеге көбейтілсін;

1997 жылдың 15 қаңтарына дейін шығыстардың түрлері бойынша бюджеттік тағайындамалар нақтылансын, олар ведомстволық бағыныстағы ұйымдар бойынша бөлінсін және ол Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынылсын.

2. Облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне қаржы 13685200 мың теңге с о м а с ы н д а б ө л і н с і н .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1997 жылдың 15 қаңтарына дейін облыстар мен Алматы қаласы бюджеттерінің арасында осы қаржының атаулы бөлінуін жүзеге асырсын;

республикалық бюджеттен облыстардың әкімдеріне бұрын берілген қарыздары 2-қосымшаға сәйкес аталған соманың есебіне есептелсін.

Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері бөлінген қаржыны жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын бюджеттік мекемелердің тұтынылған электр және жылу энергиясы және басқа да шығыстары үшін берешектерін өтеуге бағыттасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1997 жылдың 25 қаңтарына дейін бюджет қаражатының есебінен ұсталатын мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп толық пайдаланылмаған қаржыны ескере отырып, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мекемелер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы олар көрсеткен қызмет үшін борыштарды өтеуді соңғыларының республикалық бюджеттің алдындағы міндетті төлемдері мен басқа да қаржылық міндеттемелері бойынша берешектерін өтеудің есебіне өтеуді жүзеге асырсын. Аталған борыштарды өтеу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (

жалпы бөлім) 339-бабына сәйкес несиені беруші құқықтарының басқа тұлғаға ауысуы тәртібін пайдалана отырып шарттық келісімдерге орай жүргізіліне алады; үстіміздегі жылдың 5 ақпанына дейін осы мәселе бойынша атқарылған жұмыстың қорытындылары туралы Үкіметке баяндалсын.

4. Бюджеттік мекемелердің 1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бар берешектерін толықтай жоюды қамтамасыз ету мақсатында облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне бюджеттік борыштарды өтеу жөнінде осы секілді жұмыс жүргізу ұсынылсын. Қорытындылары туралы 1997 жылдың 10 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне баяндасын.

5. "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар Жарлығын U952700 \_ жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 қаулысына P960053\_ мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"487 1996 жылы мемлекеттік бюджеттің тапшылығына алынған мемлекеттік ішкі борыш пен несиелерге қызмет көрсету нолдік ставка бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін";

аталған қаулыға 1-қосымшада:

"Кірістер" бөлігінде:

"Бюджет бойынша мекемелер мен шаралар" деген I бөлімде:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен және екінші сатыдағы банктерден бюджетке алынатын түсімдер, барлығы" деген жолдар бойынша "4983800" деген сан "824300" деген санмен ауыстырылсын;

"үстіміздегі жылдың пайдасынан" деген жол бойынша "4159500" деген сан "0" деген санмен ауыстырылсын;

"алымдар және салыққа жатпайтын түрлі кірістер, барлығы" деген жол бойынша "17772400" деген сан "21931900" деген санмен ауыстырылсын;

"өзге де түсімдер" деген жол бойынша "9607400" деген сан "13766900" деген санмен ауыстырылсын;

"Шығыстар" бөлігінде:

"Бюджет бойынша мекемелер мен шаралар" деген I бөлімде:

"Халық шаруашылығын қаржыландыру, барлығы" деген жол бойынша:

"халық шаруашылығын" деген сөз "экономиканы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"35151717" деген сан "31651717" деген санмен ауыстырылсын;

"Материалдық резервтер жөніндегі комитет, барлығы" деген жол бойынша "4754437" деген сан "1254437" деген санмен ауыстырылсын;

"Кешендерге кірмегендер бойынша жиынтығы" деген жол бойынша "19202904" деген сан "15702904" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, орталық және жергілікті

атқарушы органдардың қажетіне жұмсалатын шығындар" деген жол бойынша "13168340" деген сан "8168340" деген санмен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік ішкі қарызға қызмет көрсету жөніндегі шығындар, барлығы" деген жол бойынша "8064750" деген сан "3905250" деген санмен ауыстырылсын;

"Бюджет тапшылығы үшін кредитке проценттер төлеу" деген жол бойынша "1067000" деген сан "0" деген санмен ауыстырылсын;

"Ішкі қарыз бойынша проценттер төлеу жөніндегі шығыстар" деген жол бойынша "3092500" деген сан "0" санмен ауыстырылсын;

"I бөлім бойынша шығыстар жиынтығы" деген жол бойынша "153534799" деген сан "158034799" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"14. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге де мемлекеттік органдарға, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне қаржы - 17159500";

"Сыртқы экономикалық қызмет" деген III бөлімде:

"Елшіліктер, өкілдіктер қажетіне және басқа да мақсаттарға валюта

сатып алуға, барлығы" деген жол бойынша "28584479" деген сан "24084479" деген санмен ауыстырылсын;

"сыртқы займдар мен міндеттемелерді өтеуге жұмсалатын шығыстар" деген жол бойынша "22046458" деген сан "17546458" деген санмен ауыстырылсын;

"III бөлім бойынша шығыстар жиынтығы" деген жол бойынша "36749479" деген сан "32249479" деген санмен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1766 қаулысына  
1-қосымша

Шығыстары көбейтілетін, республикалық бюджеттің қаражатынан  
қаржыландырылатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің,  
өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

мың теңге

---

Сомасы

---

|                                                |         |  |
|------------------------------------------------|---------|--|
| Ішкі істер министрлігі                         | 1227351 |  |
| Білім министрлігі                              | 131371  |  |
| Денсаулық сақтау министрлігі                   | 66202   |  |
| Әділет министрлігі                             | 169     |  |
| Өнеркәсіп және сауда министрлігі (Кентау       |         |  |
| "Водоотлив" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны) | 620000  |  |
| Көлік және коммуникациялар министрлігі         | 31652   |  |
| Президенттің Шаруашылық Басқармасы             | 392877  |  |
| Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма       | 2025    |  |
| Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық    |         |  |
| университеті                                   | 8254    |  |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара   |         |  |
| күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті          | 61510   |  |
| Президент Іс Басқармасының Медицина орталығы   | 3300    |  |
| Қорғаныс министрлігі                           | 456408  |  |
| Бас прокуратура                                | 69000   |  |
| "Алматыметрострой" АҚ                          | 49578   |  |
| Орталық мемлекеттік архив                      | 795     |  |
| Мемлекеттік тергеу комитеті                    | 300000  |  |
| Республикалық ұлан                             | 13108   |  |
| Президенттің Күзет қызметі                     | 40700   |  |
| ЖИЫНЫ                                          | 3474300 |  |

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1766 қаулысына  
2-қосымша

Республикалық бюджеттен тыс облыс әкімдеріне  
берілген қарыздар  
мың теңге

---

Облыстар

Сомасы

---

|                    |         |
|--------------------|---------|
| Ақмола             | 180000  |
| Ақтөбе             | 165000  |
| Шығыс Қазақстан    | 116286  |
| Жезқазған          | 60000   |
| Жамбыл             | 120000  |
| Қарағанды          | 550000  |
| Қостанай           | 1148589 |
| Маңғыстау          | 20000   |
| Павлодар           | 530000  |
| Оңтүстік Қазақстан | 767000  |
| ЖИЫНЫ              | 3656875 |